


Пергауын және одан бұрынғылар, сондай-ақ ойран болған кент түргындары қателескен. (9) Сонда олар Раббыларының елшілеріне қарсы келген. Сондықтан Алла, оларды қатты түрде қолға алған. (10) Расында су тасыған кезде, сендерді кемеге отырғызық. (11) Оны, сендерге бір өнеге және естір құлақтарға естіп, сақтау үшін гибрат қылдық. (12) Сонда бір рет Сүр үрліген сәтте, (13) Жер мен таулар көтеріліп, соғылып күйрекен сәтте, (14) Міне сол күні, қиямет

уақығасы болады. (15) Сол күні, көк жарылып, босайды. (16) Періште көктің атыrapында болады. Сондай-ақ Раббыңың гаршысын сегіз періште үстеріне көтереді. (17) Сол күні үсыныласыңдар. Еш нәрсelerін жасырылмайды. (18) Сонда енді кімнің кітaby оқынан берілсе; "Алыңдар, кітabyмды оқындар!", - дейді. (19) "Расында мен осы есепке кездесетінімді ойлап ем." (20) Сонда ол, қуанышты тіршілікте, (21) Көтеріңкі жанната болады; (22) Жемістері салбырап тұрады. (23) (Оларға): "Өткен күнде істеген ғамалдарының арқасында ішіндер, жендер сіңімді болсын" (делінеді). (24) Ал енді кімнің кітaby солынан берілсе: "Әттеген-ай! Кітabyм берілмесе еді" дейді. (25) "Есебімнің, не еkenін білмесем еken!" (26) "Әттең! Иc бітіп кеткен болса еді. (Қайта тірілмеген болсам еді.)" (27) "Малым, маган еш пайда бермеді." (28) "Күш-қуатым жойылып кетті" (дейді.) (29) "Оны үстандар да байландар." (30) "Сосын оны тозаққа салыңдар." (31) "Одан кейін оны жетпіс құлаш шынжырмен матандар" (делінеді.) (32) "Өйткені ол, ұлы Аллаға иман келтірмеген;" (33) "Әрі олар міскіндерді тамақтандыруға қызықтырмagan еді." (34)

Сондықтан бүгін мұнда оның бір жанашыры жоқ. (35) Сондай-ақ іріңен басқа ешбір тамақтары жоқ. (36) Оны қынәкарлар гана жейді. (37) Сонда көрген нәрселеріңе серт; (38) Және көрмеген нәрселеріңе де серт. (39) Құдіксіз бұл Құран ардақты бір Елшінің сөзі. (Елші ойдан шыгармайды, міндетін орындаиды. Б.Ж.М.) (40) Ол, бір ақынның сөзі емес. Сендер аз сенесіңдер. (41) Сондай-ақ ол, бақсының да сөзі емес. Аз түсінесіңдер. (42) Ол, әлемдердің Раббынан түсірілген. (43) Егер елші, кей сөзді езі айтып Бізге таңса; (44) Эрине оның оң жағынан қолға алар едік; (45) Соын оның күре тамырын кесер едік. (Өлтіреп едік.) (46) Сонда сендерден ешбіреу одан тоса алмайды. (47) Расында ол Құран, тақуалар түшін бір насиҳат.. (48) Сөзіз сендерден өтірік деушілердің барлығын анық білеміз. (49) Өйткені, ол Құран, әрине қарсы келушілер түшін бір қасірет. (50) Штбәсyz ол Құран, анық шындық. (51) (Мұхаммед F.C.) ендеше ұлы Раббынды атымен дәріpte. (52)

70-МАҒАРЫЖ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Қырық төрт аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.



Бір страуши, болатын бір азапты сұрады. (8-С. 32-А.) (1) Кәпірлер түшін; оны кетіруші жоқ. (2) Ол азап биік дәреже иесі Алладан. (3) Ол жоғарғы орынға періштeler және Жебрейіл (F.C.) мөлшері елу мың жылдық, бір қунде шығады. (4) (Мұхаммед F.C.) енді көркем сабырмен сабыр ет. (5) Олар қияметті үзак қөреді. (6) Біз жақын көреміз. (7) Ол қуні, аспан еріген кен сияқты болады. (8) Таулар, түтілген жүндей болады. (9) Дос, достың халін сұрамайды. (10)